

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-12 с "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2-16 с шешімі

Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 4-12 с шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 227 395,7 мың теңге;

салықтық түсімдер – 778 226,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 27 822 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 987 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 411 360 мың теңге;

2) шығындар – 5 290 275,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 46 504 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 79 378 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 32 874 мың теңге;

4) қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -109 383,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 109 383,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 79 378 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 32 874 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 62 879,9 мың теңге.";

14-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"14. 2024 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) санаторлық-курорттық емделуге;

- 2) протездік-ортопедиялық құралдарға;
- 3) сурдотехникалық құралдарға;
- 4) тифлотехникалық құралдарға;
- 5) арнайы қозғалыс құралдарына (кресло-арбалар);
- 6) KTUL-336 "Өндіріс-Жұмысшы-Мырзағұл" аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеуге;
- 7) KTUL-100 "Көктерек-Тоспа-Жасқайрат-Қайрат" аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;
- 8) аудандық маңызы бар жолдарын күтіп ұстауға;
- 9) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;
- 10) орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ғимаратын күрделі жөндеуге;
- 11) ауылдық елді мекендерді дамыту және салу схемаларын кезең-кезеңімен әзірлеу және түзету үшін;
- 12) металлдан жасалған, жылытылатын контейнерді сатып алу үшін;
- 13) металлдан жасалған, жылытылатын, доңғалақтардағы контейнерді сатып алу үшін;
- 14) Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай біржолғы ақшалай төлем төлеу үшін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.";

келесі мазмұндағы 15-1-тармағымен толықтырылсын:

"15-1. 6-қосымшаға сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бос қалдықтар есебінен 2024 жылға арналған аудандық бюджет шығыстары қарастырылсын.";

көрсетілген шешімнің 1, 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес көрсетілген шешімі 6-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

С. Сәниев